

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part. – 2023. – Ч.2. – Б.137-142

БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕ ҚОЛДАНАТЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

ӘӨЖ 33.334

*Оразгалиева Ж.Қ., магистрант
Шәкәрім атындағы университет
Семей қ.*

Табыс және шығынды зерттеген кезде ретроспективтік және перспективтік талдау жүргізуге болады. Перспективтік талдау экономикалық құбылыстарды және үдерістерді болашақ жайғасымнан байқайды, яғни алдағы уақытта мүмкін болатын даму жағдайларын қарастырады. Табыс есебі негізінде талдау жүргізудің негізгі мақсаттары келесідегідей болады: кәсіпорынның басқару ұйымдарын болашақта шаруашылық қызметтің нақты қорытындыларына жетудің мүмкін болатын тәсілдері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, шаруашылық үдерістердің дамуының объективті барыстарын анықтау, жоспарлық шешімдердің нақты болуын және экономика дамуының ішкі логикасына сәйкес келуі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; бұны ұзақ мерзімді басқарудың қызметі ретінде қарастыруға болады. Шаруашылық қызметтің қорытындыларына және шаруашылық үдерістерге қатынасты алдын ала экономикалық талдауы болып табылады, шаруашылық үдерістердің іске асырылуына дейін өткізуге болады.

Табыс негізінде жүргізілетін алдын ала талдау кәсіпорын қызметінің ұзақ мерзімді болашақ уақытқа жоспарларды негіздендіру және алдағы мақсаттарда орындауға бағытталған күтілетін қорытындыларды бағалау үшін пайдаланады. Нарық экономика жағдайларында кәсіпорынның экономикалық өзіндігі жоғарылайды; осыған байланысты табыс негізінде тактикалық және стратегиялық шешімдерді қабылдау мен алдағы ұзақ уақытқа тиімділігі жоғары қызметтерді таңдау мүмкіншілігі іске асырылады [1].

Кәсіпорындар өз өнімінде халықтың жылдан жылға өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиісті. Анықталған қажеттіліктерді нақты дәлдікпен ұзақ алдағы уақытқа есептеу керек. Осы мақсатпен кәсіпорындарда өнім сұранысы серпінінің тұрақты есебін және талдауын

жүргізу және өз уақытында мүмкін болатын өзгерістерді бейнелеу қажет. Табыс есебі негізінде өткен уақытқа және алдағы кезеңге талдау жүргізуге болады, оның өзара қатынастарын байқап көрейік. Біріншіден, талдау объектісі ретінде жоспардың негіздендірілуі табылған жағдайда, нақты іске асырылған есептегі кезең жоспарының негіздендірілгенін ретроспективтік талдау анықтайтын болса, онда алдағы уақытқа өңделіп отырған жоспардың нұсқаларына алдын ала талдау жүргізілуге тиісті. Екіншіден, іс жүзінде болған бір жақты, кәсіпорынның жұмысында кездескен «тар орындарды» ретроспективтік талдау анықтайтын болса, онда алдағы уақытқа шараларды өңдеу арқылы жоғарыда айтылған жағдайлардың пайда болуынан алдын ала талдау жүргізу сақтандырады. Үшіншіден, талдаудың бірінші нұсқасы өндірістің экономикалық тиімділігі жайғасымынан іс жүзіндегі қорытындыларды бағалайтын болса, екінші нұсқасы байқау объектісі ретінде өндірістің экономикалық қорытындыларына алдағы уақыттарда жоғары нәтижелерге жету үшін нақты шаралар мен жолдарды белгілеуге бағытталған. Төртіншіден, есептегі кезең қорытындыларына қандай себептер, қалай әсер еткені өткен уақытқа талдау жүргізу арқылы белгіленетін болса, алдын ала жүргізілетін талдау болашақта экономикалық қорытындылардың жоғарылауын қамтамасыз ететін өндірістік себептерді анықтауға мақсатталған. Бесіншіден, ретроспективтік талдау арқылы өтіп кеткен кезеңдерге пайдаланылмаған өндірістік резервтер белгіленетін болса, маржиналдық табыс бойынша перспективтік талдау жүргізу негізінде өндірістік резервтерді іске асыруға байланысты нақты шаралар өңделеді және оларды пайдалану жолдары анықталады.

Талдау шаруашылық қызметтің технологиялық немесе ұйымдастыру үдерісі сияқты емес, экономикалық үдерістің қорытындысы ретінде шаруашылықтың қаржы-экономикалық қорытындыларын зерттейді; осы себептен талдау пәнінің мәселелерін зерттейтін ғалымдар талдау пәні ретінде шаруашылық қызмет негізінде іске асырылып отырған экономикалық үдерістерді қарастырады. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі және ондағы іске асырылатын үдерістер байқау объектісі болып есептеледі. Оған қатынасы бар объектіні анықтау үшін шаруашылық қызмет үдерісінен шығу керек. Үрдіс дегеніміз мақсатқа немесе қорытындыға сәйкес объект жағдайының, құбылыстар ауысымының себептік - шарттық ағымы. Нәтиже ретіндегі экономикалық үдерістердің қорытындылары сәйкес көрсеткіштерде алдағы уақытқа жоспарланып болжауланады, іс жүзіндегі қалыптасу жағдайы бойынша есепке алынып сонан кейін талданады. Үрдістер нәтижесі ретіндегі қорытындылар талдаудың пәні емес, объектілері болып табылады, ал талдаудың пәні болып шаруашылық қызмет қорытындыларының қалыптасу және өзгеру себептері табылады.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің себептік - қорытындылық байланыстарын білу экономикалық құбылыстардың мәнін ашуға және осының негізінде жеткен қорытындыларға дұрыс баға беру, өндіріс тиімділігінің жоғарылату резервтерін анықтау, сонымен қатар жоспарлар мен басқарушылық шешімдерді негіздендіру маржиналдық табыс есебі арқылы

іске асырылады. Ең бастапқы және негіздендірілген әдістемелік сұрақ болып себептік-қорытындылық байланыстарды жіктеу, жүйелеу, үлгілеу және өлшеу табылады. Кәсіпорынның әр түрлі қызметтерінің себептік-қорытындылық байланыстарын ашып, факторлар әсерінен шаруашылық қызметтің қорытындылары қалай өзгертінін жылдам белгілеуге және басқарушылық шешімді негіздендіруге, сонымен қатар өндірістің жағдайы өзгерген кезде өнім бірлігінің өзіндік құны, қаржылық тұрақтылықтың қоры, өткізулердің зиянсыздық көлемі, табыстың сомасы қалай өзгертінін есептеуге болады. Табыс қызметтері оның мазмұнын ашады десек артық болмайды. Осы себептен кейбір осыған байланысты сұрақтарға тоқтайық. Біріншіден, кәсіпорынның нақты жағдайларындағы экономикалық құбылыстар мен үдерістердің тенденцияларын анықтау; осыған сәйкес әрбір жеке кәсіпорында және бүкіл мемлекеттің экономикасында еңбек өнімділігінің төлемақы деңгейімен салыстырғанда біріншінің өсу қарқыны жоғары болуға тиісті. Резервтерді іздестіргенде осыны ескеру керек екендігі анық. Табысты талдаудың келесі қызметі болып ағымдағы және алдағы жоспардың ғылыми негіздендірілуі табылады. Терең талдауды жүргізбей өткен жылдардың қорытындылары бойынша алдағы уақытқа бағытталған негіздендірілген болжауларсыз, кәсіпорын экономикасының дамуын зерттеусіз, кемшіліктерді анықтаусыз, қателерді белгілеусіз ғылыми негіздендірілген жоспарды және басқарушылық шешімнің оңтайлы нұсқасын таңдау мүмкін емес. Жұмыс барысында жоспардың орындалуына, басқарушылық шешімдердің іс жүзіне асырылуына, ресурстардың тиімді пайдаланылуына бақылау жүргізу қажет. Талдау кезінде қорытындылар ғана бағаланбайды, сонымен қатар қателер және кемшіліктер анықталады, бұның нәтижесінде өндіріс үдерісіне оперативті әсер ету іске асырылады; осыған байланысты талдаудың оперативтілігін жоғарылату қажет болып отыр [2].

Орталықтандырылған негізгі қызметтің бірі болып озат тәжірибесін және ғылымның зерттеуін жүргізу негізінде өндірістің тиімділігін жоғарылату резервтерін іздестіру табылады. Табысты есептеу барысында жоспарларды орындау бойынша экономика дамуының деңгейіне сәйкес барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға байланысты кәсіпорын қызметінің нәтижелері бағаланады; осы қызметтің маңызы зор, себебі кәсіпорынның жұмысын объективті бағалау өндірістің тиімділігін жоғарылатуды ынталандырады. Кәсіпорынның қаржылық - шаруашылық қызмет үдерісінде анықталған резервтерді пайдалануға байланысты шараларды өңдеу жоғарыда көрсетілген қызметтерден шығып отыр. Табыс есебі негізінде басқарушылық шешімдерді қабылдау мақсатымен төмендегі есептер шешілуге тиісті:

-өндірістік жоспарларды және алдыңғы кезеңнің бағдарламаларын өңдеу үшін негіздендірілген көрсеткіштерді анықтау;

- жоспарлар мен нормативтердің ғылыми-экономикалық негіздендірілуін жоғарылату;

- бекітілген жоспарлардың орындалуын және өнім сапасы, құрылымы, көлемі бойынша нормативтердің сақталуын объективті және жан-жақты зерттеу;

- қаржы, еңбек, материалдар пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау;

- шаруашылық қызметтің қорытындыларын болжау;

- оңтайлы басқарушылық шешімдерді таңдауға байланысты талдамалық материалдарды дайындау.

Айтылған мақсаттарға сәйкес кәсіпорынның қаржылық - шаруашылық қызметін талдау элементтерінің мазмұны ашылады, олар кәсіпорын жұмысының ерекшеліктерімен анықталады. Нақты мақсаттарды анықтау, себептік- қорытындылық байланыстарды белгілеу, бағалау, сонымен бірге әдістерін бейнелеу, қорытындыға әсер ететін факторларды зерттеу маржиналдық табысты талдаудың элементтері болып табылады.

Табыс пен шығынды
талдаудың элементтері

талдаудың факторларды нақты мақсаттарын	себептік-қорытындылық байланыстарды белгілеу кері әсер ететін факторларды жою	бағалау әдістерін анықтау талдау анықтау
-----------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------

Сурет 1. Табыс пен шығынды талдаудың элементтері

Талдау барысында үш саланы қарастыруға болады: «ресурстар - өндірістік үдеріс - қаржылық нәтижелер». Осы үш объектілерді талдамалық өңдеудің жеке түрлері бойынша бөлшектеу арқылы іске асыруға болады. Перспективтік талдау барысында кәсіпорын қызметіне және алдағы уақытта болатын қорытындыларға әсер ететін факторлар анықталады, оның нәтижелері бойынша мүмкін іске асырылатын әр түрлі шешімдерге келуге болады, болжау әрі қарай болашаққа кете беретін болса, зерттеліп отырған сипатталалардың мүмкін болатын көлемдерінің де тарқауы жоғары болады [3].

Басқарушылық шешімдерді қабылдаған кезде табыс пен шығын есебінің маңызы зор. Бұл нарық қатынастары кеңейтілген мемлекеттерде қолданады.

Басқару есебінің санаттарын пайдалану шығындарды ауыспалы және тұрақты топтарға бөлу негізінде ұйымдасады. Зерттеу әдістемесі бағытының бірі жүйелі ыңғайының болуы, бұның негізінде ішкі және сыртқы байланыстарымен жеке элементтерден тұратын объект күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Жүйелі ыңғай арқылы шаруашылық мақсаттар шешімдерінің ғылыми негіздендірілген нұсқасын өңдеуге, тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Басқару есебі мен контроллинг жоспарлаудың мақсаттарын шешу үшін басқарушылық шешімдерді анықтайды (яғни

зиянсыздықты талдау, жоспардан ауытқуларды, бюджеттерді талдау). Контроллинг шегінде жұмыс атқаратын контроллер мамандары басқару үдерісіндегі ережелерді сыннан өткізеді және жаңа шешімдер ұсынады. Контроллинг жүйесінде есептік және ақпараттық жұмыстармен қатар талдау қызметінің рөлі ұлғайады, оның нәтижесінде кәсіпорын менеджменті үшін негізделген ұсыныстар өңделеді.

Кәсіпорынның табысын көбейту үшін өнімнің сапасын, өндіріс және өткізу көлемін жоғарылату қажет, яғни материалқайтарымын көбейту, материал сыйымдылығын азайту арқылы, сонымен қатар керегі жоқ, артық материалдарды өткізу кәсіпорынға пайдалы болады. Материалдық ресурстар өндіріс жағдайында үнемді пайдаланылса, онда кәсіпорын қаржыландырудың қайнар көздерімен қамтамасыз етілуі де жоғарылайды және кеңейтілген өндірісте жеке меншік қайнар көздердің де пайдалылығы табысты капитализациялау арқылы іске асырылады.

Табыс сомасына тура еңбек шығындары да әсер етеді. Еңбек өнімділігінің өсуі айтылған көрсеткішке оң жағынан әсерін тигізеді. Еңбекақы қордың үнемді пайдалану резервтері ретінде мыналарды келтіруге болады: артық жұмысшылардың санын қысқарту, әсіресе өнімнің толық өзіндік құнындағы тұрақты еңбекақы шығындарын; еңбекақы бойынша өндірістік емес төлемдерді азайту; кесімді бағалардың негіздендірілмеген өсуін азайту; кәсіпорын жұмысында түрлі ауытқулар бойынша төлемдерді кеміту; өнімнің еңбек сыйымдылығын азайту, еңбекақы сыйымдылығы төмен өнімнің құрылымына қарай оның құрылымын өзгерту; негіздендірілген сыйақы жүйесін еңгізу; еңбекақының негіздендірілген және тиімді жүйесін таңдау; еңбекақы және еңбек өнімділігі өсу қарқындағы өзара қатынасын жақсарту [4].

Табысты дайын өнім айналымының саласында резервтерді іздестіру нәтижесінде көбейтуге болады, мысалы, артық, қажеті жоқ материалдық бағалықтарды жою; сапасы төмен, сұранысы жоқ өнім ассортиментін анықтау және ондай өнімді өндірістен шығару; уақытында төленбеген және сатып алушының жауапкершілік сақталуындағы түсірілген тауарлар қалдықтарын азайту, себебі бұл өткізу көлемін төмендетеді, тапсырыскерлермен өзара қатынастардың бұзылуы жөнінде куәләндырады, дебиторлық қарызды өсіреді, бұның негізінде өткізу қорытындыларымен бірге кәсіпорынның қаржылық жағдайы да нашарлайды; өнімді сатып алушыға жеткізу қарқындарын нығайту, есептесуге байланысты төлемдік құжаттар айналымының мерзімін қысқарту жағдайына әсер етеді.

Шығындарды ауыспалы және тұрақты топтарға жіктеу негізінде маржиналдық талдау іске асырылады. Табысқа әсер ететін маңызды факторларды белгілеуге, өлшеуге және бұның негізінде табыс көлемін басқаруға мүмкіндік береді. Отандық кәсіпорындарда дәстүрлік әдіс қолданады. Бірақ, маржиналдық табыс арқылы жүргізілетін талдау көрсеткіштер арасындағы байланысты тереңдетіп көрсетеді. Бұны салыстырмалық талдау жүргізу көмегімен дәлелдеуге болады. Отандық кәсіпорындарда табысты талдаған кезде әдеттегідей, шығарылған өнім

көлемінің, баға деңгейінің және өнімнің өзіндік құнының арасындағы байланысты білдіретін үлгі пайдаланады кәсіпорынның табысын көбейту үшін өнімнің сапасын, өндіріс және өткізу көлемін жоғарылату қажет, яғни материалқайтарымын көбейту, материал сыйымдылығын азайту арқылы, сонымен қатар керегі жоқ, артық материалдарды өткізу кәсіпорынға пайдалы болады. Материалдық ресурстар өндіріс жағдайында үнемді пайдаланылса, онда кәсіпорын қаржыландырудың қайнар көздерімен қамтамасыз етілуі де жоғарылайды және кеңейтілген өндірісте жеке меншік қайнар көздердің де пайдалылығы табысты капитализациялау арқылы іске асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Никифорова, Н.А., Тафинцева, В.Н. Управленческий анализ. [Текст]: учебник для магистров / Н. А. Никифорова, В. Н. Тафинцева ; под общ. ред. Н. А. Никифоровой. — М. : Издательство Юрайт, - 2015. — 442 с.
2. Турманидзе, Т.У. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятий. [Текст]: Учебник / - Алматы: LEM, - 2015. - 479 с.
3. Gabdullina L., Kirdasinova K. Transport and logistics innovations in supply chain management: Evidence from Kazakhstan [Electronic resource]: <http://growingscience.com/beta/uscm/3663-transport-and-logistics-innovations-in-supply-chain-management-evidence-from-kazakhstan.html>